

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларына
арналған республикалық олимпиаданы
ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының жылдық жоспарын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленді. Осы Ереже жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу тәртібін, қатысу шарттарын, мақсат пен міндеттерді, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін айқындайды.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

1. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері:

- мектеп оқушыларының зияткерлік іс-шараларға және ғылыми білімге қызығушылықтарын дамыту;
- білім алушылардың қабілеттері мен бейімділіктерін іске асыруға жағдай жасау;
- дарынды балалармен жұмыс шеңберінде кәсіби бағдарлауды қамтамасыз ету;
- республикалық пәндік олимпиадаларға қатысу үшін жоғары білімді оқушыларды анықтау.

3. Олимпиаданы өткізу тәртібі

1. Олимпиада төрт кезеңді қамтиды:

- бірінші кезең (мектепішілік);
- екінші кезеңді (аудандық/қалалық, желтоқсан айының соңына дейін) аудандық білім бөлімдері «Дарын» РҒПО әзірлеген тапсырмалар бойынша өткізеді;

 

– үшінші кезеңді (облыстық, ақпан айының соңына дейін) облыстардың білім басқармалары «Дарын» РҒПО әзірлеген тапсырмалар бойынша өткізеді;

– төртінші кезеңді (қорытынды, мамыр айы) облыстардың білім басқармалары «Дарын» РҒПО әзірлеген тапсырмалар бойынша өткізеді.

2. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) Олимпиаданың II, III, IV кезеңдерін өткізуге және қатысушылардың нәтижелерін бағалауға барлық қажетті ұйымдастырушылық және техникалық жағдайларды қамтамасыз етеді.

3. II, III, IV кезеңдер бір турда өткізіледі және қатысушылар тестілеуден smart.daryn.kz онлайн-платформасында бір рет, тұрақты интернет байланысы бар, дербес компьютерлермен жабдықталған аудиторияларда «1 үстел – 1 оқушы – 1 компьютер» қағидасын сақтай отырып өтеді. Сұрақ саны – 30, максималды ұпай – 50, сұрақтың түрі – «бір дұрыс жауабы бар жабық сұрақ». Әрбір сұраққа дұрыс жауап белгіленген ұпай санымен бағаланады.

Тапсырмалардың күрделілік деңгейлері бойынша берілетін ұпай саны:

– 1 балл (1-деңгей);

– 2 балл (2-деңгей);

– 3 балл (3-деңгей)

4. «Орыс тілінде оқытылатын мектептердегі қазақ тілі» пәніне қазақ емес ұлт өкілдері қатысады және әр қатысушының ұлты туу туралы куәлігіне сәйкес айқындалады.

5. Олимпиаданың барлық кезеңдеріне арналған тапсырмаларды «Дарын» РҒПО жалпы орта білім беру бағдарламалары негізінде әзірлейді.

6. Олимпиаданың барлық кезеңдерінде тапсырмалар бір түрде беріледі.

7. Олимпиада кезеңдерінің мерзімдерін «Дарын» РҒПО жыл сайын белгілейді.

8. Аудандық, облыстық және қорытынды кезеңдерді өткізу туралы нұсқаулықтарды «Дарын» РҒПО әзірлейді.

9. Олимпиаданың барлық кезеңдерінде академиялық ашықтық пен адалдықты сақтау мақсатында Олимпиаданы өткізу үдерісі онлайн режимінде бақылау мүмкіндігі бар бейнекамералар жүйесімен (бір аудиторияда жалпы көріністі қамтитын кемінде екі камера) қамтамасыз етіледі. Аудиторияларға бақылауды жүргізу үшін тікелей эфирге сілтемелерді жинау және YouTube платформасында бейнежазбаларды сақтау жауапкершілігі «Дарын» аймақтық орталықтарына жүктеледі.

10. Олимпиада өту кезінде интернет немесе техникалық ақау туындаған жағдайда, ақаудың алдын-ала алмаған аудан/қала/облыс қатысушыларының жұмыстары қабылданбайды.

11. Әр қатысушыға Олимпиаданы өткізу талаптарына сәйкес жұмыс орны беріледі. Жұмыс орындары барлық қатысушыларға тең жағдайды жасайды

және Олимпиада өтіп жатқан мерзімде қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес болады.

12. Олимпиаданың барлық кезеңдерінде әр пән бойынша Олимпиада басталғанға дейін ұйымдастыру комитетінің өкілі қатысушыларға нұсқаулық жүргізіп, тест тапсыру ережелерін түсіндіреді.

13. Олимпиада кезінде қатысушыларға бір-бірімен сөйлесуге және кабинетте еркін қозғалуға қатаң тыйым салынады. Қатысушы осы Ережені және Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізуге қойылған талаптарды бұзған жағдайда, шеттету туралы акт толтырылып, аудиториядан шығарылады.

14. Қатысушыларға тапсырмаларды орындау кезінде пайдалануға рұқсат етілген анықтамалық материалдар мен электронды есептеу құралдарын қолдануға болады; олардың тізімі жалпы білім беретін әр пән бойынша ұйымдастыру мен өткізу талаптарында анықталады.

4. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңді ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңді «Дарын» РҒПО белгілеген мерзімде Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандық білім бөлімдері және мамандандырылған білім беру ұйымдары өткізеді.

2. Мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін Олимпиаданың екінші кезеңі бірінші (мектепшілік) кезеңмен теңестіріледі.

3. Екінші (аудандық/қалалық) кезеңге әр пән және сынып бойынша бірінші (мектепшілік) кезеңнің жеңімпаздары қатысады.

4. Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандық білім бөлімдері екінші (аудандық/қалалық) кезеңді ұйымдастыру және өткізу үшін Ұйымдастыру комитетінің құрамын жасақтайды және бекітеді. Ұйымдастыру комитетінің құрамына төраға және комитет мүшелері кіреді. Төраға ретінде аудан/қала білім басқармасының басшысы тағайындалады.

5. Олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті:

- екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің өтуін үйлестіреді және қадағалайды;
- екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің нәтижелерін сараптайды және қорытындылайды;
- екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің нәтижелері туралы ақпаратты облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларына жібереді;
- әр кезең қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингін жасайды.

5. Үшінші (облыстық) кезенді ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Үшінші (облыстық) кезенді «Дарын» РҒПО белгілеген мерзімде облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі-РББҰ) және «Дарын» РҒПО өткізеді.

2. РББҰ үшін Олимпиаданың үшінші (облыстық) кезені екінші (аудандық/қалалық) кезеңмен теңестіріледі

3. Үшінші (облыстық) кезеңге әр пән және сынып бойынша екінші (аудандық/қалалық) кезеңнің жеңімпаздары қатысады.

4. Үшінші (облыстық) кезенді ұйымдастыру және өткізу үшін облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ және «Дарын» РҒПО Ұйымдастыру комитетін жасақтайды және бекітеді. Ұйымдастыру комитетінің құрамына төраға және комитет мүшелері кіреді. Төраға ретінде облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары, РББҰ және «Дарын» РҒПО өкілдері тағайындалады.

5. Олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті:

- үшінші (облыстық) кезеңнің өтуін үйлестіреді және қадағалайды;
- үшінші (облыстық) кезеңнің нәтижелерін сараптайды және қорытындылайды;
- үшінші (облыстық) кезеңнің қорытынды ақпаратын «Дарын» РҒПО-ға жібереді;
- үшінші (облыстық) кезеңнің қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингін жасайды және оны интернет ресурстарында жариялайды.

6. Кезең қорытындысы бойынша «Дарын» РҒПО тест нәтижелерін 2 апта ішінде Ұйымдастыру комитетіне жолдайды.

6. Төртінші (қорытынды) кезенді ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Төртінші (қорытынды) кезең «Дарын» РҒПО белгілеген мерзімде облыстардың білім басқармалары облыс орталықтарында өткізеді.

2. Төртінші (қорытынды) кезеңге үшінші (облыстық) кезеңде әр пән және әр сынып бойынша ең көп балл жинаған бір-бір қатысушыдан қатысады.

3. Төртінші (қорытынды) кезенді ұйымдастыру және өткізу үшін облыстардың білім басқармалары Ұйымдастыру комитетін жасақтайды және бекітеді.

4. Олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті:

- төртінші (қорытынды) кезеңнің өтуін үйлестіреді және қадағалайды;
- тиісті кезеңдер өткізілгенге дейін тапсырмалардың құпиялылығына жауап береді;
- Олимпиада нәтижесін талдайды және қорытындылайды;
- Қатысушылардың жұмыстарын тексеру аяқталғаннан кейін қорытынды хаттама «Дарын» РҒПО ресми сайтында жариялайды;

– жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

7. Олимпиада қорытындылары мен қатысушыларды марапаттау

1. Төртінші (қорытынды) кезеңнің барлық қатысушылары «Дарын» РҒПО тарапынан сертификаттармен марапатталады.

2. Олимпиаданың төртінші (қорытынды) кезеңінде жеңімпаздардың саны төртінші (қорытынды) кезеңнің барлық қатысушыларының 45%-ын құрайды және олар «Дарын» РҒПО тарапынан I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

3. Олимпиаданың қорытынды (республикалық) кезеңінде I, II және III дәрежелі дипломдардың саны келесі пропорция бойынша анықталады: жүлдегерлердің 50%-ы – III дәрежелі, 30%-ы - II дәрежелі, 20%-ы – I дәрежелі дипломмен марапатталады.

4. Жүлделі орындарды анықтайтын шекара ұпай санын бірдей жинаған қатысушылар болған жағдайда қазылар алқасының шешімімен жүлдегерлер санын артуына жол беріледі.

8. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5–6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың пәндер тізімі:

1. Математика
2. Жаратылыстану
3. Қазақ тілі мен әдебиеті
4. Орыс тілі мен әдебиеті
5. Орыс тілінде оқытылатын сыныптардағы қазақ тілі
6. Қазақ тілінде оқытылатын сыныптардағы орыс тілі
7. Ағылшын тілі
8. Қазақстан тарихы